



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

09.07.2026 ж.

№ 10, 1-т.

«Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Павлодар облыстық ұйымы» ҚБ және «Ұстаз» Алматы қалалық жергілікті кәсіподағы» ҚБ-ның кәсіподақ оқуын ұйымдастыру тәжірибесі туралы.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Атқару комитетінің отырысында Кәсіподақ Орталық комитеті аппаратының ұйымдастыру бөлімінің бас маманы Сақауова И.Б.-ның ОО «Павлодар облыстық ұйымы» және «Ұстаз» Алматы қалалық жергілікті кәсіподағында кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыру тәжірибесі туралы ақпаратын тыңдап,

Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кәсіподақ Орталық комитеті аппаратының ұйымдастыру бөлімінің бас маманы И.Б. Сақауованың «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы Павлодар облыстық ұйымы» және «Ұстаз» Алматы қалалық жергілікті кәсіподағында кәсіподақтық оқытуды ұйымдастыру тәжірибесі туралы» ақпаратын назарға алынсын.

2. Алматы қалалық «Ұстаз» кәсіподағының сәтті (табысты) кейстері («Шаг навстречу», «Edu Legal», «Голос учителя» жобалары), олардың проактивтілігі мен мобильділігіне негізделгенін, сондай-ақ Павлодар облыстық ұйымының тәжірибесін (мегажоба «KASIPODAQ Creative HUB», «Digital Kasipodaq», Әлеуметтік-еңбек қатынастарын зерттеу орталығы) мақұлданып, таратуға ұсынылсын. Бұл тәжірибелер ғылыми-оқыту тәсілін және жобалар экожүйесін көрсетеді.

3. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары мен филиалдарының басқарушы органдарына:

- Еңбек құқығы бойынша жедел онлайн-консультация (кеңес) беру және нормативтік-құқықтық базаның тұрақты қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін өңірлік чат-боттар мен арнайы мобильді қосымшаларды әзірлеуді бастама етсін;

- Жетекші өңірлік жоғары оқу орындары базасында Әлеуметтік-еңбек қатынастарын зерттеу орталықтарын ашу мүмкіндігін қарастырып, бұл үшін нақты социологиялық сауалнамалар жүргізу және кәсіподақ көшбасшыларының тиімділігін бағаласын;

- Өңірлерде сертификатталған ішкі тренерлер («Профтренер») даярлау бағдарламаларын іске қоссын;

- «KASIPODAQ_KERUENI» тәжірибесі бойынша «Кәсіподақтық менторлық» институттарын құру мәселесін пысықтап, тәжірибелі бастауыш ұйым төрағаларын жаңадан сайланған көшбасшылар мен жас педагогтарға бекіту арқылы олардың бейімделуін жеделдетсін және көшбасшылық қасиеттерін дамытсын;

- Павлодардың «Creative HUB» элементтерін актив мектептерінің қолданыстағы бағдарламаларына интеграцияласын, сондай-ақ келісім комиссияларында жұмыс берушілермен келіссөз жүргізу дағдыларын пысықтау үшін пікірталас форматын қолдансын.

4. Кәсіподақ Орталық комитеті аппаратының ұйымдастыру бөліміне:

- Республикалық диалог алаңын ұйымдастырсын және филиал төрағалары мен бастауыш ұйымдар үшін іс жүзіндегі коуч-сессиялар өткізуді қамтамасыз етсін, жұмыс істеп тұрған хабтарды көрсетсін;

- Бастауыш ұйым төрағалары үшін тоқсан сайын «Кәсіподақтық бағдар» онлайн-форумын іске қоссын, «Еркін микрофон» режимінде кәсіподақтардың нақты сот және сотқа дейінгі тәжірибесіндегі күрделі кейстерді талдауды қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф. Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева